

ӨМІРБАЯН ЖАЗУҒА АРНАЛҒАН НҮСҚАУЛЫҚ

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы мен қызметі хронологиялық тәртіпте жазылған ресми құжат. Онда әрбір адамның өмірі мен қызметі, қоғам өмірімен байланысы, еңбек жолы мен жетістіктері баяндалады. Өмірбаян әдетте оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Оны жазудың қалыптасқан нақты үлгісі жоқ десек те болады, дегенмен бірқатар қағидаттарды есте ұстаған жөн.

- Түйіндемеге қарағанда өмірбаянда мағлұмат егжей-тегжейлі көрсетіледі.
- Өмірбаян көлемі жағынан ықшам, көп дегенде 2 бет. Ол жұмыс беруші үшін маңызды деген ақпаратты ғана қамтиды.
- Өмірбаян сауатты, жинақы, ұғынықты жазылып, шынайы деректерге негізделгені абзал.
- Өмірбаян мазмұны автордың өмір жолын, іскерлік қасиеттерін жан-жақты баяндап беруге тиіс.
- Өміріңіздегі маңызды кезеңдерді белгілі ретпен, ресми стильде баяндағаныңыз дұрыс.
- Жалған мәлімет беріп, қате деректер көрсетпеңіз, өйткені оларды тексеруге болады, мұны да жадыңызда сақтаңыз.
- Ең бастысы, Жұмыс беруші үшін маңызды «Біліміңіз» және «Еңбек тәжірибеңіз» бөлімдеріне қатысты мағлұматты толық беруге тырысыңыз.

Өмірбаянда көрсетілетін негізгі деректер:

- аты-жөні (толық жазылады), туған жылы, ауы, күні, туған жері;
- білімі туралы мәлімет: бітірген оқу орындары, оқыған жылдары, дипломы бойынша мамандығы;
- қосымша білімі туралы мәлімет (курстар, тренингтер және т. б.);
- еңбек жолы туралы мәлімет: жұмыс істеген жылдары, ұйым атауы, лауазымы, негізгі жетістіктері мен нәтижелері, марапаттары;
- әскери қызметке қатысы (әскери міндеттілер үшін);
- қосымша мәлімет: жетістіктері, қызығушылығы, өмірлік ұстанымы;
- отбасы жағдайы туралы мәлімет;
- байланыс деректері: тұрғылықты жерінің мекенжайы, телефоны;

Біліміңіз туралы мәлімет мектепке барған жылды көрсетумен басталады. Егер белгілі бір бағытта тереңдетілген білім беретін мектеп болса, мәселен, спорт, тіл үйрету секілді..., оны көрсетіп жазған жөн. Одан әрі өзіңіз білім алған оқу мекемелерінің барлығын ретімен жазып шығыңыз. Үздік диплом алған болсаңыз, ол туралы да жазу керек.

Еңбек тәжірибеңіз де ең бірінші жұмысыңыздан бастап сипатталады. Барлық жұмыс істеген жерлеріңізді, қандай қызмет атқарғаныңызды анықтап

жазғаныңыз дұрыс. Тек, жұмыстан шығу себептеріңізді көрсетпесеңіз болды. Одан да қол жеткен жетістіктеріңізді, алған марапаттарыңызды атап өтіңіз.

Жұмыста жүріп қосымша білім алып, тағылымдамадан өткен болсаңыз, оны да жазып қойыңыз. Қосымша мәліметтер бөлімінде тек жұмыс берушіні қызықтыруы мүмкін мәліметті бергеніңіз жөн. Ұзын-сонар әңгіме емес: қысқа әрі нұсқа!

Отбасылық жағдайыңыз: егер «бойдақ» болсаңыз ата-анаңыз бен бауырларыңыз туралы мәліметті көрсетесіз. Отбасылы болсаңыз, жұбайыңыз бен балаларыңыз туралы ақпарат жеткілікті.

Сонымен, өзгенің уақытын үнемдеуге түсіністікпен қарайтын іскер адам ретінде танылғыңыз келсе, біз айтқан жайттарды жадыңызда сақтаңыз. Өмірбаянды жазып болған соң тағы бір рет мұқият қарап, грамматикалық қателердің жоқтығына көз жеткізіңіз.

Өмірбаян жазуды өзіндік грамматикалық ерекшеліктері де бар.

Мәселен:

Өмірбаян азат жолдан *«Мен»* – деп басталып, бірінші жақта, жекеше түрде баяндалады. Өмірбаянда жазылатын құжаттағы барлық мәлімет I жақ жекеше түрде баяндалады, оның жіктік жалғауы: -м. Етістіктің жедел өткен шақ формасы қолданылады, оны жасайтын жұрнақтар: -ды, -ді, -ты, -ті. Мысалы: *дүниеге кел+ді+м, оқы+ды+м, бітір+ді+м, қызмет ет+ті+м, т.б.*

Өмірбаян иесінің әке-шешесіне, жолдасына, балаларына, туғантуысқандарына қатысты мәлімет III жақта баяндалады. Мысалы: *ту+ған, бітір+ген, оқы+ған, т.б.*

Өмірбаян иесінің дәл қазіргі кездегі өмірін, білімін, қызметін баяндайтын мәліметтер етістіктің осы шақ формасы арқылы I жақта беріледі. Мысалы: *оқы+n жүр+mін, істе+n жүр+mін, атқар+ып отыр+мын т.б.*

Үлгі-1

ӨМІРБАЯН

Мен, Ермекова Гүлнәр Арманқызы 1972 жылы 15 тамызда Талдықорған қаласында дүниеге келдім. 1990 жылы Талдықорған қаласындағы № 145 орта мектепті бітірдім. Сол жылдың қазан айында Алматы қаласына келіп, осындағы Алматы мақта-мата комбинатына тігінші болып орналастым.

1991 жылы Қазақ қыздар педагогика институтының филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1996 жылы «қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Институттың жолдамасымен ҰҒА-ның М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жұмысқа орналасып, қазіргі уақытқа осында еңбек етіп келемін. 1997 жылы осы ғылыми-зерттеу институты жанындағы аспирантураға түстім. Алайда, отбасылық жағдайыма байланысты аспирантураны тастауға мәжбүр болдым. 1998 жылдың тамызында қазақ әдебиеті бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалдым. Бірнеше рет алғыс хаттар мен марапаттау қағаздарына ие болдым.

Менің әкем, Ермеков Арман Мұратұлы Москва инженерлік-құрылыс институтын бітірген. Талдықорған қаласында құрылыс компанияларының бірінде прораб болып істейді. Анам Ермекова Ғазиза Бөкейханқызы Абай атындағы Қазақ Педагогика институтын бітірген. Қазір Талдықорғанда № 145 мектепте мұғалім болып қызмет етеді.

1997 жылы тұрмыс құрдым. Күйеуім Асанов Алмас Мақсатұлы Қ. Сәтбаев атындағы Ұлттық Техникалық университетті бітірген. Қазір жеке кәсіпкер. Бір ұл, бір қызымыз бар. Ұлым Асан бірінші сыныпта оқыса, қызым Әсел бала бақшада.

02.09.2007 ж.

Г. Ермекова